

8D05101 – «Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында «Азықтың тағамдық құндылығы мен тиімділігін арттыратын биологиялық препаратты әзірлеу» тақырыбында орындалған Сағымбек Фатима Ғабитқызының диссертациялық жұмысқа берілген ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Емдік–профилактикалық препараттар–пробиотиктер және сүт қышқылы бактерияларға негізделген өнімдер медицинада, ветеринарияда, тамақ және фармацевтика өнеркәсібінде ішек микрофлорасының тепе-теңдігін сақтау және қабылдаушы ағзаның асқазан-ішек жолдарының дисфункцияларының алдын алу үшін көбірек қолданылады. Қазіргі уақытта микробтық биотехнологияларды дамытуда ашытылған сүт өнімдерін алу үшін сүт қышқылы бактериялардың жаңа, перспективалы штамдарын оқшаулауға ерекше назар аударылады. Жаңа штамдарды алу әр түрлі салада оң әсер ететін жақсартылған органолептикалық, технологиялық сипаттамалары бар, берілген қасиеттері бар микроорганизмдердің таза дақылдары негізінде жүзеге асырылады. Ол үшін микробқа қарсы, жоғары өсу қарқыны мен қышқыл түзу белсенділігі бар бактериялар және патогендік микроорганизмдерге жоғары антагонистік белсенділігі қолданылады.

Сүт қышқылы бактериялары денсаулыққа пайдалы қасиеттері бар пробиотиктер болып табылады. Сүт қышқылы бактериялары әртүрлі өнімдерді өндіру және сақтау үшін кеңінен қолданылады. Сүт қышқылы бактериялары - негізгі тағамдардың бірі ретінде сүт қышқылын қалыптастыру үшін көмірсуларды ашытатын микроаэрофильді грам-позитивті микроорганизмдер тобы.

Диссертация тақырыбының өзектілігі отандық және шет ел ғалымдарының ғылыми мақалаларына талқылау арқылы негізделіп, ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері айқындалды. Зерттеулер нысандары, зерттеу құралдары және қолданылатын әдістер айқындалды. Жұмыста қымыздан сүт қышқылы бактерия бөліп ала отырып, пробиотикалық «Экопробиотик» препараты жасалды. Осы пробиотикалық препаратты «Tengry fish» ЖШС in vivo жағдайында балықтарға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы ҚР №7343 пайдалы модельге патент және №36625 өнертабысқа патент алынды.

Диссертациялық жұмыс бойынша 8 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 1 мақала - Scopus базасына кіретін процентиі 48 болып табылатын ғылыми журналда; 3 мақала - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаларда; 2 мақала - халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарыққа шықты; 1 ҚР пайдалы модельге және 1 өнертабысқа патент алынды.

Орындалған диссертация жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым

және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру талаптарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыстың авторы Сағымбек Фатима Ғабитқызы 8D05101 – «Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Отандық ғылыми кеңесші,
биология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚазҰАЗУ «Зооинженерия
және биотехнология» кафедрасының
профессоры**



Серикбаева А. Д.

